

Бұйрық

№45-НК

Приказ

29 тамыз 2024 жыл
Шымкент қаласы

29 август 2024 года
город Шымкент

Сынып жетекшілерді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 қаңтардағы
№18 бұйрығына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Global education mektebi» ЖШС бастауыш, негізгі орта мектебі 2024-2025 оқу жылындағы педагогикалық кеңестің 29 тамыз №1 хаттамасына сәйкес төмендегі сыныпқа сынып жетекші болып бекітілсін:

№	Аты-жөні	Сынып
1	Бакибай Алина Фархатқызы	1 «А»
2	Кульниязова Фарида Равшановна	1 «Б»
3	Қалмырза Ұлыосын Мұзафарқызы	2 «А»
4	Есиркепова Юлия Павловна	2 «Б»
5	Қалдарбекова Алма Турганбековна	3 «А»
6	Исламгулова Татьяна Галинуровна	3 «Б»
7	Мадинова Анар	4 «А»
8	Расулметова Юлдуз Даулетовна	4 «Б»
9	Уршибасарова Эльнура Ердали кызы	5 «А»
10	Өбіл Мәлдір Талғатқызы	5 «Б»
11	Тастанбек Айшабибі Қуанышқызы	6 «А», «Ә»
12	Гультураева Хосият Шуқуриллаевна	6 «Б»
13	Ержанқызы Гүлжан	7 «А»
14	Аманжол Әсем Болатқызы	7 «Б»
15	Ілес Шірінгүл Әлжанқызы	8 «А», 9«А»
16	Сәкенқызы Аружан	8 «Б»
17	Шарапова Әсем	9 «Б»

2. Осы бұйрықтың орындалуына басшылық пен бақылау жасау мектеп ДОЖ орынбасары Ф. Абдулқасимовқа жүктелсін.

Мектеп директоры:



Г. Д. Есиркепова

Бекітемін:
Мектеп директоры:
Есиркенова Г.Д.



**ЖШС «Global Education» негізгі орта мектебі бойынша сынып жетекшілердің
әдістемелік бірлестігінің жоспары
2024-2025 оқу жылы**

P/c	Әдістемелік іс-шаралар мазмұны	Мерзімі	Жауапты
1	I отырыс: - Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік - Біртұтас тәрбие бағдарламасының іске асырылуы - Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы	Тамыз	ДТІЖО Сынып жетекшілер
2	II отырыс - Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі. 1-9 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі. - Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын – алу	Қазан	ДТІЖО
3	III отырыс: 2024-2025 оқу жылындағы I оқу тоқсанының қорытындысы Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі	қараша	ДТІЖО
4	IV отырыс: «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі» 1.Мектеп ережесі, оқушылардың	Желтоқсан	ДТІЖО Сынып жетекшілер Психолог

	сабаққа қатысуы • 5-9 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі • Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары		
5	V отырыс «Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі» • «Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы» • Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы • Үйірме жетекшілерінің есебі • 6-9 сынып жетекшілерінің есебі	наурыз	ДТДЖО Психолог Сынып жетекшілер
6	«Оқушылар арасында сунцидтік мінез құлықтың алдын алу шаралары»	Жоспар бойынша	ДТДЖО Психолог Сынып жетекшілер
7	«Ең үздік сынып жетекшісі» жылдық қорытындысы (рейтинг бойынша)	мамыр	ДТДЖО Психолог Сынып жетекшілер
8	VI отырыс «Тәрбие жұмысының тиімділік көрсеткіштері» Тәрбие жұмысының талдауы, келер оқу жылына арналған мақсаттар мен міндеттер «ЖАЗ -2025» оқушыларды жазғы демалыс кезіндегі ұйымдастыру шаралары	мамыр	ДТДЖО Психолог Сынып жетекшілер

Хаттама №1

2024 жыл 29 тамыз күні негізгі орта **ЖШС «Global Education»** мектебінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Ержанқызы Г

Хатшы: Гультураева Х.Ш

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Көрілген мәселелер:

1. Жаңа оқу жылындағы тәрбиедегі ерекшелік

2. «Бір тұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты

3. Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығы

4. Сынып жетекшілерінің міндеттерімен таныстыру

- Бірінші және екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары Ержанқызы Г сөз сөйледі. Құрметті әріптестер осы оқу жылынан бастап тәрбие тұжырымдамасы өзгерді. 2024-2025 оқу жылы тәрбие жұмысы келесідей 6 құндылықпен тәрбие жұмысын жүргізетін боламыз. Ол құндылықтың негізгі бағыттарды 6 бағыт яғни, Тәуелсіздік және отаншылдық ; Заң және Тәртіп ; Бірлік және ынтымақ ; Әділдік және Жауапкершілік; Еңбекқорлық және Кәсіби біліктілік ; Жасампаздық және Жаңашылдық «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер», Оқуға құштар сынды жоба жұмыстары кіріктіріліп, 6 құндылыққа шоғырланған жоспарлы жұмыстар қолға алынбақ. 8 бағыт алынып тасталынған жоқ тек, 6 құндылыққа кіріктірілген жоспар әзірленуде.
- Тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тәрбие жұмысының мазмұнында ұлттық мүдде, ар-ұят, алғыс айту, ілтипат, талап сияқты құндылықтар көрініс табу қажет.
- Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.
- 2024-2025 оқу жылында ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылы негізінде тәрбие міндеттерін іске асыруда жұмыс жүргізу «Ата-аналар академиясын» құру, сондай-ақ «Тоғыз ай – 9 іс-шара», «4 тоқсан – 4 өнер» жобалары шеңберінде іс-шаралар өткізу, мерейтойлық күндерге арналған сыныптан тыс ісшараларды ұйымдастыру маңызды аспектілер болып табылады.
- Білім беру ұйымдарындағы тәрбие мен оқытуда жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде білім алушылардың бойында адами қасиеттерді қалыптастыруға басымдық береді.
- Тәрбие мен оқытудың тұтастығын қамтамасыз ету үшін: 1) пәндік мазмұн шеңберінде: – әр пәннің қысқа мерзімді жоспарын әзірлеуде тәрбиелік мақсатты қою және оның сабақ барысында жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

– бастауыш сынып пәндері апталығын жоспарлауда ортақ тақырыптар мен ұлттық құндылықтарды негізге алу және оның іс-шаралар арқылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

Үшінші мәселе бойынша Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының маңыздылығына тоқталып, өз жұмысын биылдан бастап бастайтынын, ол үшін алдын ала сауалнама алынып, жоспар бойынша әр ай сайын 1-4 сыныптың, 5-9 сынып ата-аналарымен жұмыс жүргізілетіндігін хабарлады.

ДТДКО Ержанқызы Г сөз алды. Сынып жетекшілер бірлестігін біздер 1-9 сыныптарға жалпылама 2 адамды бірлестік жетекші ретінде сайлаймыз. Ал ол бірлестіктің негізгі бөлігін бірлестік жетекшілері жасайды. Өткен жылы бірлестік жетекшісі Қалдарбекова А атқарды, биылға кімді ұсынасыздар? Қатысушылардың барлығы бір ауыздан Сәкенқызы Аружан және Тастанбек Айшабибі апайларымызды бірлестік жетекшісінің қызметін жалғастыруын бір ауыздан қолдады.

3.Төртінші мәселе бойынша мектепшілік сынып жетекшілердің міндеттерін Ержанқызы Г оқып, сынып жетекшілерге таныстырды.

Қаулы

1. Тәрбие жұмыстарының жылдық жоспары мүдделі мемлекеттік органдармен бірлескен 2024-2025 жылдарға арналған жоғары оқу орындарынан басқа білім беру ұйымдарына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру жөніндегі бірлескен жоспар бұйрығы негізінде жасалсын және жұмыстар үйлестірілсін.
2. 1-9-сыныптардың сынып жетекшілер бірлестігінің жетекшісі етіп А. Сәкенқызы және Тастанбек Айшабибі апайлар бекітілсін.
3. Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
4. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Ержанқызы Г
Гультураева Х.Ш

2024 жыл 10 қазан күні ЖШС «Global Education» негізгі орта мектебінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Ержанқызы Г

Хатшы: Гультураева Х.Ш

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. Сынып жетекшінің оқушылардың ата-аналармен қарым – қатынас әдістемесі.
2. 1-9 сыныптың сынып жетекшілерінің жұмыс есебі.
3. Жасөспірімдер арасындағы қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын – алу.

1. Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г сөз алды. Құрметті сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысымы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Әрбір сынып жетекші өзі басқарып отырған сыныптағы оқушылардың барлығы туралы күнделікті толық мәліметке ие болуы керек. Ол үшін сынып жетекші ата-аналармен тығыз байланыста болу керек. Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысымы туралы мектеп әкімшілігіне міндетті түрде хабарлану керек. Соңғы 1 жыл көлемінде оқушылардың сабаққа қатысымы өте жоғары көрсеткіштерге ие болып отырмыз. Сол көрсеткішті бір қалыпта сақтап қалуымыз керек. Ата-анамен байланысты күнделікті жасап отырыңыздар, қазір барлық ата-ана ватсап желісінде, байланыс жасау оңай. Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту қажет. Ата-аналар жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу, яғни «Пән мұғалімдерімен баспасөз конференция», «Психологиялық тренинг», шеберлік сыныбы, балалардың ата-аналармен бірлескен сабағы, «Отбасыларды, олардың дәстүрлерін, шеберліктерін, қарым-қатынастарын, көзқарастарын таныстыру мақсатында тәжірибе алмасу» сияқты жүргізу жалғасын таба береді. Биылғы жылы ай сайын ата-аналарды педагогикалық колдау орталығында балаларының жас ерекшеліктеріне сәйкес жақсы жұмыстар жүргізілуде, ата-аналардың да қатысым жақсы, ол қалыпты ұстап қалуымыз қажет. Сол орталықтың жұмыстарын жүргізуге белсенді ата-аналарды тартуымызға болады. Ата-ана мейілінше мектеппен тығыз байланыста болып, бірлесе жұмыс жасаған кезде бала тәртібінде жақсара түспек.

2. Екінші мәселе бойынша сынып жетекшілердің бірлестік жетекшісі Сәкенқызы А І оқу тоқсаныдағы 1-4 сынып жетекшілерінің жұмыс есебіне тоқталды. Бастауыш сыныпта 8 сынып жетекші бар, барлығы биылғы 194 бұйрыққа сәйкес Біртұтас тәрбие жоспарын жасап, бекіттірді. Тәрбие сағаттарының күндері қойылып, уақытылы өткізілуде. 1 – қыркүйек күні Білім күніне орай, 1 сынып жетекшілері «Мектеп-мейірім мекені» тақырыбында бірыңғай сынып сағатын өткізіп, «Мектеп-мейірбандық мекені» республикалық челленджіне үн қосты.

1-4 сыныптарға мектеп инспекторы Жантұғанов Н.А «Абайлаңыз балалар» жолда жүру ережесін сақтайық тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

2 «б» сынып жетекшісі Юлия Павловна «Моя семья – моя защита» тақырыбында тәрбие сағаттарын өткізді, Тәрбие сағаттар өте жоғарғы деңгейде өтті. Сынып жетекшілер тыңғылықты дайындалған, көрнекіліктермен, мазмұнды шара өтуге тырысқан. Сонымен қатар, Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру мақсатында 4 сыныптар арасында

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы аясында

30 қыркүйек – Әділет органдарының күніне орай «Адалдық – атадан қалған мұра» ұрпақтар сабақтастығын насихаттау, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тақырыбында адалдық сағаты өткізілді.

Алдағы оқу тоқсанымызда да бірнеше ашық тәрбие сағаттарымыз Республика мерекесіне орай өткізу жоспарланып қойылды.

3.Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г қазіргі таңда жасөспірімдер арасында топтық төбелестің тоқтамай тұрғандығын, суицидтің көбейуі өзекті мәселе болып отыр осы орайда 6-9 сынып оқушыларының беймезгіл көшеде, ойын-сауық орталықтарында қатаң тиым салынатындығын, ата-анаға ескертіп отыру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар оқушылардың көлік жүргізуге, мектепке тиым салынған заттарды әкелуге, сабақ уақытында мешітке бармау, сондай-ақ жұмыс жасауға болмайтындығы ескертілді. Осы орайда барлық сынып жетекшісі оқушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жасау қажеттігі ескертілді.

Қаулы

5. Ата-аналармен тығыз байланыс орнатып, тәрбиелік іс- шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту;

6. Оқушылардың сабаққа қатысымын анықтап күнделікті мектеп әкімшілігіне хабарлап отыру сынып жетекшілерінен талап етілсін.

7. Жасөспірімдердің құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында сынып жетекшілер түсіндірме жұмысын ұдайы жүргізу.

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Ержанқызы Г
Гультураева Х.Ш

Хаттама №3

2024 жыл 13 қараша күні негізгі орта **ЖШС «Global Education»** мектебінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Ержанқызы Г

Хатшы: Гультураева Х.Ш

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. 2024-2025 оқу жылындағы I оқу тоқсанының қорытындысы
2. Тәрбие жұмыс жоспарының талапқа сай өткізілуі

I. Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г сөз алды. Құрметті сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысымы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып табылады. Сынып жетекшілер сыныптағы оқушылар туралы толық ақпаратты қамту керек.

ЖШС «Global Education» мектебі бойынша 13-қарашасы күні I тоқсанды қорытындылау мақсатында сынып жетекшілермен отырыс өткізілді. Отырыс барысында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г сөз алып, Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында атқарылған жұмыстарға тоқталып, «Тоғыз айға 9 іс-шара», Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында, Ата-анаммен өткізген бір күнім челленджі, «Жеткіншектің Жеті Жарғысы» жобасы аясында сынып сағаттар өткізілгенін хабарлап өтті. Биылғы жобалар әр түрлі үйірмелер, сыныптан тыс жұмыстар, тәрбие сағаты арқылы іске асырылды жатқандығын жеткізді. Аталған жобаларға мейілінше сыныптан көп бала қатыстыруға жұмыс жасауды талап етті. Сынып жетекшілердің тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттарын уақытылы өткізу керектігі, әр аптада өткізілген тәрбие сағаты уақытылы Күнделік кз – ге түсіп отыру керектігін айтты.

I тоқсан бойынша тәрбие жұмыстарына мониторинг жасап, алдағы атқаратын жұмыстарға тоқталды. Атап айтсақ, оқушының күнделікті сабаққа қатысуы, тәртібі, соған сәйкес сынып сағаттарының, ер бала мен қыз балалардың жиналысының уақытылы өткізілу керектігі айтылды.

Күзгі каникул іс-шараларын кестеге сәйкес орындалу керектігін, оқушылардың танымдық қабілеттірін дамыту мақсатында көбірек өндіріс орындарына және мұражайларға бірге барып, уақытты тиімді пайдалану керектігін айтты.

Отбасы мен мектептің өзара байланысын нығайту үшін баланы оқыту мен тәрбиелеу үдерісін жүзеге асыруға, тәрбиелік іс -шараларды бірлесе атқаруда ата-аналарды толық тарту қажеттігін, ата -ана жиналыстарын дәстүрлі емес форматта өткізу туралы ұсынысын айтып өтті.

Қаулы:

- 1.Тәрбие жұмысының жұмыс жоспарына сәйкес тәрбие сағаттары уақытылы өткізіліп, қол қойылып, Күндізге жүктелсін.
- 2.Сынып жетекшілеріне таныстырылған міндеттемелер аясында жұмыстар үйлестірілсін, атқарылған жұмыстар бірлестік отырысында талқылансын.
- 3.Сынып жетекшілер мен мектеп психологы үнемі байланыста болсын.
- 4.Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы ұсыныстары мен тапсырмалары назарға алынып орындалсын.

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Ержанқызы Г
Гультураева Х.ІІІ

Хаттама №4

2024 жыл 17 желтоқсан күні негізгі орта ЖШС «Global Education» мектебінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Ержанқызы Г

Хатшы: Гультураева Х.Ш

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

1. «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі»
2. Мектеп ережесі, оқушылардың сабаққа қатысуы
3. 5-9 сыныптардың сынып жетекшілерінің есебі
4. Кәмелетке толмаған жасөспірімдер арасында мінез-құлық ауытқушылықтарының алдын алу шаралары

1. Бірінші болып күн тәртібіндегі мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г сөз алды. Құрметті сынып жетекшілері оқушылардың сабаққа қатысуы мектептегі негізгі мәселелердің бірі болып қала береді. «Мектеп пен отбасы ынтымақтастығы сапалы тәрбие негізі» атты тренинг сабақтар қамтылып, аталған іс-шара бойынша ата-аналар жиналысы ауқымын түрде өткізілу керек. Ұлт болашағы қазіргі жас буындар екенін ескере отырып, ата-аналармен үштік бұрыш сақтай отырып жұмыс жасау керекпіз.

2. Оқушыларды, ата-аналарды мектепшілік ішкі ережелермен тағы да таныстырып, үнемі байланыста болыңыздар. Мектептің ішкі ережесі бойынша бекітілген міндетті мектеп формасы қатаң сақталып, ата-аналармен тығыз жұмыстар жүргізу жалғасын тапсын.

3. Үшінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г қазіргі таңда жасөспірімдер арасында кәмелетке толмағандардың арасында мінез құлықтың ауытқуы, суицидтің көбейуі өзекті мәселе болып отыр. Осы орайда 5-9 сынып оқушыларының беймезгіл көшеде, ойын-сауық орталықтарында қатаң тиым салынатындығын, ата-анаға ескертіп отыру қажеттілігі айтылды. Сонымен қатар оқушылардың көлік жүргізуге, мектепке тиым салынған заттарды әкелуге, сабақ уақытында мешітке бармау, сондай-ақ жұмыс жасауға болмайтындығы ескертілді. Осы орайда барлық сынып жетекші оқушыларға, ата-аналарға түсіндірме жұмысын жасау қажеттігі ескертілді.

Қаулы:

1. Тәрбие бағыттары бойынша жүктелген міндеттемелер уақытылы атқарылсын.
2. Ата-аналар мен сынып жетекшілер үнемі байланыста болсын
3. Тәрбие сағаттары уақытыл, жоспарға сәйкес орындалсын
4. Жасөспірімдердің мінез-кұлқын бақылау жұмыстары жүргізілсін

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Ержанқызы Г
Гультураева Х.Ш

2024 жыл 17 желтоқсан күні негізгі орта ЖШС «Global Education» мектебінде сынып жетекшілер бірлестігінің жиналысы болып өтті.

Жиналыс төрайымы

Тәрбие ісі жөніндегі директор орынбасары: Ержанқызы Г

Хатшы: Гультураева Х.Ш

Жиналысқа 17 сынып жетекшісі қатысты

Күн тәртібіндегі мәселелер:

V отырыс

1. «Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі»
2. «Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығы»
3. Оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру барысы
4. Үйірме жетекшілерінің есебі
5. 6-9 сынып жетекшілерінің есебі

«Жеке тұлға бойында жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырудағы сабақтан тыс іс-шаралардың рөлі» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ержанқызы Г презентация көрсетіп, мәліметтер берді.

Мектептегі тәрбие жұмысының маңыздылығын атап өтті. Сынып жетекшісінің ата-аналармен жүргізетін жұмысының формалары мен әдістері.

Ата-аналардың өз балаларының жан дүниесін жақсы түсінуі, оларға отбасында дұрыс та тиімді тәрбиелік орта тудыру үшін, бала тәрбиесіне айрықша мән берулері керек.

Ондағы көзделген мақсат ата-аналарға бала тәрбиесіне қатысты педогогикалық кеңес, оқуды ұйымдастыру, соған сәйкес олардың педогогикалық білімдерін жетілдіріп отыруды көздейді. Ғалымдардың айтуынша, әр елде, сонымен қатар, отандық педогогикада жүргізілген зерттеу жұмыстары нәтижесінде, ата-аналар балаларын тәрбиелеу барысында айтулы қиыншылықтарға кездеседі. Сондықтан олар мұғалімдердің ақыл-кеңестерін, практикалық көмектерін аса қажет етеді. Олардың ұйымдастыруындағы қатысты білімі мен біліктерін ұдайы көтеріп отыруы қажеттілігін өздері түсінуі тиіс.


Үйірме жетекшілерінің есебі бойынша Тхэквондодан мектепшілік және мектептен тыс сайыстарға қатысып, жүлделі орын иеленіп жатырғаны аталып өтілді. Үйірмеден балалардың жан-жақты дамып жатқаны белгілі. Одан бөлек мектеп ішінде хореография, логопед, домбыра сынды үйірмелер жоспар бойынша өз қызметтерін жүйелі атқарып жатыр.

6-9 сынып жетекшілерінің есебі бойынша сыныптар сабақтарға белсенді қатысып, мектеп формасын сақтап жүргені белгілі. Оқушылар мектеп ішіндегі іс-шараларға атсалысып, өз белсенділіктерін көрсетіп жүр.

Қаулы:

5. Тәрбие бағыттары бойынша жүктелген міндеттемелер уақытылы атқарылсын.
6. Ата-аналар мен сынып жетекшілер үнемі байланыста болсын
7. Тәрбие сағаттары уақытыл, жоспарға сәйкес орындалсын
8. 6-9 сынып аралығындағы белсенділермен қарқынды жұмыс атқарылсын

Жиналыс төрайымы
Хатшы



Ержанқызы Г
Гультураева Х.Ш